байланысты буға айналмай 150°C дейін қызады. Сонымен қатар, элеваторда жоғары қысым пайда болады. Элеватор құрылғысы жасайтын барлық көрсетілген жағдайлар жылу құбырларына одан әрі тиімді жылу беруге ықпал етеді. 150 градустық су тікелей пайдалану орнына жақындағаннан кейін элеватор қосылады. Ол судың температурасы мен қысымын төмендетуі керек, өйткені мұндай қыздырылған күйде салқындатқыш жылу жүйелеріне кіре алмайды. Әйтпесе, шойын батареялары, құбырлар нашарлайды, сонымен бірге олардың бұзылу ықтималдығы сақталады, бұл қайғылы салдарға әкелуі мүмкін. Радиаторлар шойын емес, басқа металдан жасалған болса да, күйіп қалу мүмкіндігі бар.

Зауытта дайындалған элеваторлар қатары 7 өлшемнен тұрады, әрқайсысына нөмір берілген. Таңдау кезінде 2 негізгі параметр ескеріледі - мойынның диаметрі (араластыру камерасы) және жұмыс сопласы. Соңғысы-қажет болған жағдайда өзгеретін алынбалы конус.

Саптаманы ауыстыру екі жағдайда жүргізіледі:

1 Табиғи тозу нәтижесінде бөліктің көлденең қимасы ұлғайған кезде. Мұның себебі-салқындатқыштағы абразивті бөлшектердің үйкелісі.

2 Егер араластыру коэффициентін өзгерту қажет болса-үйді жылумен жабдықтау жүйесіне берілетін судың температурасын көтеру немесе төмендету.

Элеватордың артықшылықтары: құрылғының басқа құрылғылар мен электр қуатынан тәуелсіздігі (бұл тек автоматты емес элеваторларға қатысты), элеваторлық схеманың (құрылымының) қарапайымдылығы, қызмет көрсету кезінде жүйенің жеңілдігі, сыртқы ортадан тәуелсіздік (әртүрлі температурадағы жылу тасымалдаушылардың араластыру коэффициенті сыртқы ортаның температурасына тәуелді емес), беріктік (қарапайым құрылғының арқасында элеватор бөлшектерді жөндей және ауыстырмай ұзақ уақыт қызмет ете алады), функционалдылық (элеватор түйінінің тағы екі пайдалы функциясы бар-ол сорғы мен араластырғыш ретінде де әрекет етеді), төмен құны (элеваторды құрайтын металл бөлшектер арзан және сирек емес).

Суағынды элеваторлар жұмыста қарапайым және пайдалануда сенімді болғандықтан кең қолданылады, ал кемшіліктері: ПӘКі кішкентай, сыртқы жылумен қамту жүйесінде апаттық жағдай кезінде жылыту жүйесінің айналуы тоқтайды, араластыру коэффициентінің тұрақтылығы жылыту жүйесінің жергілікті сапалық реттеуді жояды. Бұл кемшілікті жою үшін элеватор сопласының тесігінің аймағына автоматтық түрде реттеу қолданылады.

Элеваторды таңдау үшін келесі жолмен арнайы есептер жүргізіледі.

Жобада элеватор таңдау есебі:

1) Жылу желісінен түсетін судың шығыны

$$G_{ж.ж.} = \frac{Q_{ж}}{c \cdot (T_1 - T_2)} \quad (1.16)$$

мұндағы $Q_{ж}$ – жылыту жүйесінің жылу шығыны, Вт;

c – судың жылу сыйымдылығы, Дж/кг °С;

T_1, T_2 – жылу жүйесіндегі су температуралары, 150 °С және 70 °С.

2) Элеватордың араластыру коэффициент

$$u = \frac{(T_1 - t_1)}{(t_1 - t_2)} \quad (1.17)$$

3) Жылыту жүйесіне түсетін судың шығын

$$G_{\text{ж.ж.}} = \frac{Q_{\text{ж}}}{c \cdot (t_1 - t_2)} \quad (1.18)$$

мұндағы t_1, t_2 – жылыту жүйесінің беретін, қайтатын құбырындағы су температуралары, °С.

4) Элеватордың мойынының диаметрі

$$d_{\text{м}} = 1.55 \cdot \frac{G_{\text{ж.ж.}}^{0.5}}{\Delta P_{\text{ж}}^{0.25}} \quad (1.19)$$

мұндағы $\Delta P_{\text{ж}}$ – жылыту жүйесіне элеватор арқылы берілетін қысым, кПа.

5) Элеватордың саптамасының диаметрі

$$d_{\text{с}} = \frac{d_{\text{м}}}{1+u} \quad (1.20)$$

6) Элеватор жұмыс атқару үшін жылу желілерінен ғимаратқа берілетін жоғалатын қысым

$$\Delta P = 6,3 \cdot \frac{G_{\text{ж.ж.}}^2}{d_{\text{с}}^4} \quad (1.21)$$

Қабылдаймыз: есептеуден шыққан $d_{\text{с}} = 6 \text{ мм}$ және $d_{\text{м}} = 0,21 \text{ м}$ мәндері арқылы элеватордың тиіпті стандарттық элеватор №3 таңдадым.

2 Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы

Жұмыс өндірісінің жобасы жинақтау жұмыс өндірісі және ұйымы бойынша нұсқамалардан тұрады және жұмыс құнының төмендеуіне, олардың қысқартылу ұзақтылығына және еңбек өнімділігінің жоғарлауына, монтаждық жұмыс сапасының жақсаруына себепші болады.

Жұмыс өндірісінің толық жобасы мыналардан тұрады: жұмыс өндірісі бойынша нұсқамалар; еңбек шығындары мен еңбек ақының калькуляциясы; жұмысшыларға қажетті тоғыспа графигі; негізгі және көмекші материалдардың ақпарат тізімі; тиісті жинақтау механизмдері, аспаптары және бейім құралдарының ақпарат тізімі; технико-экономикалық көрсеткіштер; техника қауіпсіздігі бойынша нұсқамалар.

Жылыту жүйелерінің құрылғыларында жұмыстар бөлінеді: дайындау, жинақтау және қабылдап-тапсыру. Өзінің кезегінде жинақтау жұмыстары бөлінеді, алдыңғы жинақтау процестері және өзіне меншікті жинақтаулар. Жинақтау жұмыстарына мыналар жатады: объектіні техникалық құжаттармен қамту, жүйеге керекті бұйымдармен, жабдықтаулар мен ауатаратқыш жүйелерді жинақтау және объектіні жинақтауға дайындау.

Жинақтау жұмыстарына кіреді: ауатаратқыштарды және жылыту жабдықтауларды орнату орынына жеткізу, жылыту, желдету жабдықтауларын және ауатаратқыштарды жинақтау, орнатылған жүйелерді тексеру және оларды қолдануға тапсыру.

Өндіріс жұмыстары үшін құрылыс- жинақтау мекемесіне көрсетілетін техникалық құжаттардың ішіне сызулар мен сметалар кіреді.

Жұмыс түрлерінің құрам циклі бойынша ұйымдастыру жағынан ең тиімді болып есептеледі: дайындау; дайын заттарды объектіге жеткізу; ұстатқыштарды белгілеу және орнату; жабдықтауды орнату; ауатаратқыштарды жинақтау; жүйені тексеруден өткізу; жіберу және жөндеу; жұмысты тапсыру.

Өндіріс жұмыстарының жобасына кіреді: өндіріс жұмыстары бойынша шешім; еңбек шығындарын есептеу және еңбек ақылары; күнтізбелік жоспар – өндірістік жұмыстың графигі; жұмысшыларға монтаждық құрама графигі; негізгі және қосымша материалдардың ақпарат тізімі; жинақтауға керекті механизмдер, бұйымдар және құралдар; техника-экономикалық көрсеткіштер; түсіндіргіш хатқа техника қауіпсіздігі туралы үкімдер кіргізу.

Жұмыс өндірісінің жобасын жинақтау жұмыс өндірісі және ұйымы бойынша нұсқамалардан тұрады және жұмыс құнының төмендеуіне, олардың қысқартылу ұзақтылығына және еңбек өнімділігінің жоғарлауына, монтаждық жұмыс сапасының жақсаруына себепші болады. .

2.1 Ұйымдық - техникалық шаралар

Семей қаласындағы он екі қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесін жинақтау жұмысы бойынша жоба технологиясы жасалуы қажет. Жинақтау

жұмысы жылыту жүйесінің ауа қондырғыларын жинақтаудан тұрады. Жылыту жүйесі бойынша жинақтау жұмысын жүргізу кезінде объектіге жақын жатқан автокөлік жолы пайдалануы мүмкін.

Ұйымдық-техникалық дайындық жұмыстары ҚН 1.03-00-2011 «Құрылыс өндірісінің ұйымы» сәйкес іске асырылады және оған қатысты шаралар 2.1-кестеде келтірілген.

2.1-кесте - Ұйымдық - техникалық шаралар графигі

| Шаралар мен жұмыстардың аталуы | Ұйым– орындаушы | Орындау уақыты | |
|--|--------------------------|----------------|----------|
| | | басталуы | аяқталуы |
| Техникалық және қаржылық құжаттамаларды өңдеу | Өндірістік бөлім | 23.03 | 7.05 |
| Территорияны бөліп беру | Тапсырыс беруші | 7.05 | 14.05 |
| Трассаларды бөлу | Капиталды құрылыс бөлімі | 14.05 | 28.05 |
| Материалдар, механизмдер, аспаптар мен құралдарға мәлімдемелер құрастыру | Реттеуші | 28.05 | 11.06 |
| Жол-жөнекей құрылыстар, құрылыстағы тұрмыстық және қоймалы бөлмелер, материалдарды жеткізу | Реттеуші | 11.06 | 25.06 |
| Жұмыс өндірісіне рұқсат алу | Тапсырыс беруші | 25.06 | 30.06 |

2.2 Күнтізбелік жоспар және жұмысшылардың қозғалыс графигі

Күнтізбелік жоспар – бұл жұмысқа және оның орындалу уақытына қатысты технологиялық жабдықтар мен құбырлардың жинақтау жұмысы технологиясының графикалық моделі.

Күнтізбелік жоспардың жасалу тізбегі мынадай:

- еңбек шығынының калькуляциясы бойынша жинақтау процестерінің номенклатурасы тағайындалады;

- звено құрамы және процестер бойынша нормативті еңбек сыйымдылығы анықталады;

- сметасы тағайындалады, барлық жұмыстың қосынды ұзақтылығын есепке ала отырып, әрбір процестің орындалу ұзақтылығы анықталады.

Күнтізбелік жоспардың жасалу тізбегі мынадай: еңбек шығынының калькуляциясы бойынша жинақтау процестерінің номенклатурасы

тағайындалады; звено құрамы және процестер бойынша нормативті еңбек сыйымдылығы анықталады; сметасы тағайындалады, барлық жұмыстың қосынды ұзақтылығын есепке ала отырып, әрбір процестің орындалу ұзақтылығы анықталады.

Күнтізбелік жоспарды тұрғызу және есептеу үшін қажетті мәліметтермен ақпарат тізімі құрастырылады, ол В қосымшасында келтірілген.

График дұрыс құрастырылуы кезінде жұмысшылар қозғалысының бірқалыпсыз коэффициенті 1,5-тен көп болмауы керек. Ол мына формула бойынша анықталады

$$K = \frac{m_{\max}}{m_{cp}}, \quad (2.1)$$

мұндағы m_{op} – жұмысшылардың орташа саны, адам.

$$m_{op} = \frac{\sum Q}{T \cdot K}, \text{ адам} \quad (2.2)$$

мұндағы $\sum Q = \sum q_i \cdot t_i$ – i -ші жұмыс бойынша еңбек сыйымдылық (еңбек шығыны), адам·күн;

T – жинақтау жұмысының күндегі ұзақтылығы;

K – өнімді қайта орындаудың орташа коэффициенті, 1-ге тең деп қабылданады.

Қабылданады $\sum Q = 535$ адам·күн. және $T = 43$ күн, онда жұмысшылардың орташа саны мынаған тең болады

$$m_{орт} = \frac{535}{43} = 12 \text{ адам,}$$

$$K = \frac{16}{12} = 1,3$$

Күнтізбелік жоспардың негізгі деректері жобалық құжаттама белгілеуіне тәуелді. Күнтізбелік жоспардың негізгі параметрі уақыт периоды болып табылады. Жұмысты орындау графигінде технологиялық карта құрамында жұмыстардың кәлемі мен ұзақтылығына байланысты - күн, аусым, ал транспортты-монтажды графиктерінде - сағат, минут.

2.3 Еңбек шығындарын калькуляциялау

Калькуляция бұл – арнайы жұмыс түріне немесе жалпы объекттің құрылымдық элементінің бірлігіне құрылыстық-монтаждық жұмыстар кешені

үшін нормативті уақыт пен еңбек ақы суммасының жинақ есебі. Оның құрамында тек негізгі жұмыстар ғана емес, сонымен қатар керекті қосымша және ілеспе жұмыстар, оның құрамында нормативтермен және ұтымды ұйымдастыру және жұмыстарды механизациялаумен келісілген қашықтыққа жұмыс орындарына материалдар мен бұйымдарды жеткізу қарастырылады. Негізгі мақсаты – еңбекті нормалауды жеңілдету, оның аккордты және келісімдісыйлықақы төлеу жүйесін дамытуға мүмкіндік жасау.

Бірыңғай нормалар мен бағалар (БНЖБ) құрылыс, монтаж және жөндеу-құрылыс жұмыстарының жұмысшыларының келісілген еңбек ақысы мен еңбек шығындарын анықтау үшін арналған техникалық негізделген нормалар мен бағалар кешені болып келеді.

Құрылыстың өзіндік құны құрылысты ұйымдастырудың маңызды экономикалық көрсеткіші болып табылады. Ол құрылыс өндірісінің материалдық, еңбек, энергетикалық және басқа шығындарды ақшалай түрде көрсетеді. Еңбектің сыйымдылығы адам-күн (ауысым-күн) немесе адам-сағатпен (ауысым-сағатпен) көрсетілген жұмыстың көлем бірлігін орындау үшін еңбек шығындарының мөлшерімен анықталады.

Құрылыс ұзақтығы нақты құрылыс үрдісі жұмысының көлемін орындауға кететін уақытпен (сағат, ауысым, апта, ай, жыл) анықталады. Кешенді үрдістің және оның құрамына кіретіндердің ұзақтығы үрдісті орындауға қабылданған әдіске (тасқынды, жарыспалы, жүйелі) байланысты.

2.4 Жылыту жүйесінің жинақтау жұмысының сапасын бақылау

Жылыту жүйесінің жинақтау жұмысын аяқтағаннан кейін, жылу пунктіне жабдықтарды қосу, жабдықтарды жүргізіп сынаудан өнімделетін басқа барлық коммуникацияларға қосылу және жүйелерді сынау жүргізіледі.

Сынақ жүргізу алдынан қондырылған жылыту аспаптары жоба мәліметтеріне сәйкес келуін, құбырлар дәнекерлену сапасы, олардың жылыту аспаптарымен қосылуын, жабдықтардың дайын болуын тексереді.

Тексеру кезінде пайда болатын барлық ақауларға ақпарат тізімі құрастырылады және оны реттеушіге береді. Ақауларды сынақ жүргізу басталғанға дейін міндетті түрде алып тастау керек. Сынақ кезінде жылыту жүйесінің негізгі сипаттамалары әшкереленеді және тексеріледі:

- жылыту аспаптарының қыздырылуының бір қалыптылығы;
- құбырлардың және жүйенің басқа элементтерінің тығыздалмай қалуы;
- жылыту жүйесінің қысымы мен температурасы.

2.5 Қауіпсіздік және еңбек қорғау

Еңбекті қорғау - еңбек үрдісіндегі адамның жұмыс қабілеттілігін және адам денсаулығын сақтауды қамтамасыз ететін заң шығарушылық және

құқықтық актілер және оған сәйкес әлеуметтік құқықтық, техникалық, санитарлы-гигиеналық, ұйымдық, өртке қарсы, электр қауіпсіздігі мен емдеу профилактикалық құралдарының жиыны.

Түгелдей қауіпсіз және қауіпті өндірістер болмайды. Еңбекті қорғаудың шарты-максималды еңбек өнімділігінде, бір уақытта жайлы жағдайды қамтамасыз ете отырып, жұмысшының ауруы мен бақытсыз жағдайлардың мүмкіндігінің ең төменгі шамасына келтіру. Қауіпті өндірістік факторлар – жарақатқа немесе басқа кенеттен денсаулығының нашарлауына алып келетін, белгілі жағдайлардағы, жұмысшыға әсер ететін факторлар. Зиянды өндірістік факторлар ауруға немесе жұмыс қабілеттілігін төмендетуге, алып келетін, белгілі жағдайдағы жұмысшыға әсер ететін фактор.

Жылыту құрылғыларын пайдалану кезінде жылыту құралдарын қандай да бір заттармен немесе материалдармен үйіп тастауға, жылыту аспаптары мен құбырларда бірденені кептіруге тыйым салынады.

Жылыту аспаптарын орналастыру тұрақты жұмыс орындары сыртқы қабырғалардағы терезелерден 2 м және одан аз қашықтықта орналасқан кезде жұмысшыларды суық ауаның төмен түсетін ағындарынан қорғауды қамтамасыз етуі тиіс.

Жылыту аспаптары ретінде оларды шаңнан оңай тазартуға мүмкіндік беретін радиаторлар пайдаланылуы тиіс.

Жылыту жүйелерінің қалыпты жұмыс істеуі үшін оларды пайдалану кезінде жылыту құрылғыларын, құбырлар мен арматураларды герметизациялау қажет.

Жылыту маусымы аяқталғаннан кейін салқындатқыш (су, бу конденсаты) жүйеден шығарылуы керек.

Жылыту маусымы басталмас бұрын жылу жүйесін салқындатқышпен толтыру арқылы сынау керек.

Жылыту аспаптарында монтаждау және пайдалану реттеуін қамтамасыз ететін арматура болуы және ақаусыз ұсталуы тиіс.

Кәсіпорында пешті жылыту қолданылған жағдайда пештер, есіктер, үрлегіштер, мұржалар үнемі дұрыс ұсталуы керек, мұржалар үнемі күйеден тазалануы керек.

Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорнында газ жылыту жүйелерін орнатуға жол берілмейді.

Жылыту жүйелерінің өрт қаупі жылыту жабдықтары элементтерінің қыздырылған беттерінің болуына байланысты.

Қыздыру беттерінің температурасы 100 °С-тан жоғары болған кезде күкірт көміртегі, ацетальдегид және т.б. сияқты заттардың өздігінен тұтануы мүмкін, сондықтан осы заттар қолданылатын бөлмелер үшін салқындатқыштың температурасы ең қауіпті заттың өздігінен тұтану температурасынан төмен болуы керек.

Ғимараттың жанғыш құрылыс құрылымдарын немесе технологиялық процесте қолданылатын жанғыш материалдарды жылыту жабдығының элементтерімен қыздыру өрттің пайда болуына әкелуі мүмкін.

Құбырлар мен жылыту құрылғыларының бетінде жылыту жүйелерін пайдалану ережелерін бұзған кезде жанғыш органикалық шаң мен талшықтардың жиналуы мүмкін, олар қызған кезде термиялық ыдырауға және тұтануға бейім. Жылыту жабдықтарының қыздырылған беттері майланған шүберектер мен сүрту материалдарының өздігінен жануына ықпал етуі мүмкін.

Пешті жылыту басқа жылыту түрлерімен (су, бу немесе ауа) салыстырғанда жоғары өрт қаупін тудырады, сондықтан оны пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау өте маңызды.

2.6 Еңбек қорғау

Бұл жұмыс екі мың он бесінші жыл жирма үшінші қарашада бекітілген номері төрт жүз он төртінші “Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің”, екі мың он сегізінші жылы отызыншы қарашада бекітілген “Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі” заңына қарасты, екі мың екіші жылдың үшінші сәуірінде бекіткен “Қауіпті және зиянды өндірістік орындарында өндірістік қауіпсіздікке байланысты” заңы және екі мың үшінші жылдың ақпан айының сегізі күні бекітілген “Төтенше жағдайларға қарасты құқықтық режимге байланысты” Қазақстан Республикасының заңына бағынышты сәйкестендірілуі қажет.

Еңбекті қорғау деп жалпы жұмыс барысында Қазақстан Республикасының заңдарында қарастырылған дай жұмысшының жұмыс қабілетін сақтау, денсаулығының қауіпсіздігі алдын ала емделу секілді алдын алу шаралары қарастырылады.

2.7 Қауіпсіздік технологиясы

Жалпы дипломдық жобада жылыту жүйесі бойынша қауіпсіздік техникасы ретінде ауа өту торынан кейінгі орнатылған біржүрісті клапанды қарастыруға болады. Атқару қызметі сору каналы ішіндегі ауа тек бір бағытта тік қозғалыста болады. Бір жүрісті клапанды орнату себебі төменгі қабаттан жоғарыға бағыт алған ауа үстіңгі қабатқа әсер етпейді яғни бір бағытта тек жоғары жылжиды. Егер ол орнатылмаған жағдайда төмегі қабат ауасы арын арқылы үстіңгі қабатқа әсер етіп ауа айналымы дұрыс жұмыс істемеу қаупі бар. Жобада қарастырылған желдету жүйесі табиғи болғандықтан арын ішіндегі ауа жылдамдығы шу діріл туғызбайды өйткені ереже бойынша жарты және бір метр секунд жылдамдық аралығын ескере отырып ауа арынының өлшемі таңдалды.

Жылыту жүйесі бойынша қауіпсіздік техникасы ретінде қысым реттегіштерді және беру құбырларында орнатылған тор сүзгілерді қарастыруға болады. Жоба бойынша қысым реттегіш екі түрі бар.

Біріншісі жертөле де орналасқан бас магистральдарға жауапты электроды қысым реттегіш атқару қызметі сырттан келген жылыту жүйесінінен берілген қысым жоғары болу себепті ғимаратқа қажетті қысымға дейін төмендетеді. Ал егер қысым төмендемеген жағдайда жүйедегі құбырлар желісіне зақым келіп қауіпті жағдай орын алуы мүмкін.

Екінші түрі әр колектордағы қайту құбырларында орнатылған тепе-теңдік клапаны атқару қызметі жүйедегі суды бір қалыпты қозғалыста ұстайды демек ол болмаса жүйеде су тез айналып кетсе немесе қозғалыссыз қалса бөлмеде орнатылған жылыту аспабы қажетті температураны бермеу қаупі бар.

Енді колекторда тік құбырдан соң орнатылған торлы сүзгі қызметін алар болсақ ол жүйе бітеліп қалмауы үшін су ішіндегі барлық қаты затты сүзіп алады ал енді ол болмаса жүйе бітеліп қысым артса жүйеде жарылыс пайда болад

3 Экономика бөлімі

«Семей қаласындағы 12 қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесін жобалау» дипломдық жобасында жылыту жүйелерінің технико-экономикалық есебі жүргізіледі. Есеп жүргізудің негізгі мақсаты - қарастырылып отырған дипломдық жобаның материалдарға жұмсалатын қаражат көлемін анықтау, келтірілген шығын есебін жүргізу, жергілікті, объектті сметалық құнын шығару. Ол үшін жылыту жүйелеріндегі капиталды төлем ақы және жылдық шығындарды анықтаймыз. Жылдық шығындар келесі шығындардан тұрады:

- амортизацияға кеткен шығын, ол дегеніміз толық жөндеуге және жылыту жүйесін тазартуға кеткен шығындардың қосындысы;
- жөндеу барысында және жұмыс істеп тұрған кезінде жүйенің жұмысын ұстап тұруға кететін шығындар қосындысы;
- пайдаланудағы қызметкерлердің жалақысына кететін шығын;
- бір жылда пайдаланылатын энергоқорлардың құны;
- пайдаланудағы материалдарға кеткен шығын;
- жалпы пайдалануға кететін шығындар.

Кез келген үрдістің экономикалық шешімдері қазіргі таңда маңызы жоғары шешімдердің бірі болып келеді. Себебі, кез-келген қоғамдық ғимаратты жылыту және жылыту жүйелерін дұрыс әрі тиімді жүргізілуі керек. Жылыту және жылыту жүйелері адамға жайлы жағдайды қалыптастыруды көздейді. Жылдың суық мерзімінде жүйелерді қайта жөндеу және ұйымдастыру өте күрделі үрдіс. Сондықтан жылыту аспаптарын, арматураларды және құбырларды дұрыс таңдау маңызды. Сапасына және бағасына мән бере отырып, қолайлы және қолжетімді жылыту аспаптары және құбырларды таңдау қажет. Дипломдық жобада жүргізілген шығындарды анықтау есептері бізге қолжетімді әрі сапалы қондырғыларды таңдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар жұмысшылардың еңбегі еңбек шарттарына сай бағаланады.

3.1 Келтірілген шығын есебі

Жоба шешімінің экономикалық шығыны минимум бойынша қарастырылады, ол келесі формула арқылы анықталады

$$\Pi_1 = E_n \cdot K + C_{ж} \rightarrow \min, \quad (3.1)$$

$$\Pi_1 = C_{ж} - E_n \cdot K, \quad (3.2)$$

мұндағы E_n – экономикалық тиімділік қағидалы коэффициенті;
 K – жоба шешімі бойынша капиталды төлемақы, тг;
 $C_{ж}$ – жылдық төлем ақы, тг/ жыл.

Бұл дипломдық жобада смета бағасы үлкейтілген көрсеткіштермен пайдалануға негіз жоқ. Бұл басқа келісімшарт бойынша дистрибьюторлық фирмалар келесі қызмет түрлерін ұсынады:

– зауыт өндіруші прайс-листі бойынша құрылғылардың құны және оны Семей қаласына жеткізуі;

– құрылғыны салынып жатқан нысанға дейін жеткізу, құру, қондыру – жөндеу жұмыстары, кепілдік қызмет көрсету.

Берілген дипломдық жоба бойынша жылыту жүйелерінің сметалық құны 3.1-кестеде көрсетілген.

Жылыту жүйесіндегі материалға кететін жалпы шығын

$$K=15\ 400\ 542 \text{ теңге}$$

Жылдық шығындар $C_{ж}$, тг/жыл келесі формула арқылы анықталады

$$C = C_m + C_э + C_{жалақы} + C_{ж.ж} + C_a + C_{жэ}, \quad (3.3)$$

мұндағы C_m – пайдаланудағы материалдарға кеткен шығын, тг/жыл;

$C_э$ – бір жылда пайдаланылатын энергоқорларға кететін шығын, тг /жыл;

$C_{жалақы}$ – қызметкерлердің еңбек ақысына кеткен шығын, тг/жыл;

C_a – амортизацияға кеткен шығын, яғни толық жөндеуге және жылыту жүйесін тазартуға кеткен шығындардың қосындысы, тг/жыл;

$C_{ж.ж}$ – жөндеу барысында және жұмыс істеп тұрған кезінде жүйенің жұмысын ұстап тұруға кететін шығындар қосындысы;

$C_{жэ}$ – жалпы пайдаланушылық шығындар, тг/жыл.

Смета бойынша оқшаулағыш материалдар шығыны C_m , тг келесі формуламен анықталады

$$C_m=0,104 \cdot K, \quad (3.4)$$

$$C_m=0,104 \cdot 15\ 400\ 542=1\ 601\ 656,37 \text{ теңге/жыл}$$

Жылыту жүйесінің жылдық электрэнергиясының құны $C_э$, теңге/жыл келесі формуламен анықталады

$$C_э=N \cdot n \cdot S_э, \quad (3.5)$$

мұндағы N – көтерме қуат;

n – сағат саны;

$S_э$ - электроэнергияның тарифі.

Қабылданды: $N=3$ кВт; $n=9000$ сағ; $S_3=21,30$ теңге/кВт·сағ.
Жылдық электрэнергияның құны бірдей болады

$$C_3 = 3 \cdot 9000 \cdot 21,32 = 575100 \text{ теңге/жыл.}$$

Жалақы – еңбек шарты бойынша нақты еңбек қызметін атқару үшін, жұмыс үшін төленетін, тараптардың келісімімен белгіленетін, заңдарда көрсетілген шектен кем болмуы тиіс ай сайынғы ақшалай төлем. Жалақы кәсіпорын қызметкерлерінің жалақысына баратын өнім өндіруге және сатуға кеткен шығындардың бір бөлігі шарт бойынша жұмысшының орташа айлық жалақысы 200000 тг/ай деп алынды.

Жалақыға кеткен шығын $C_{\text{жалақы}}$, тг/жыл келесі формула арқылы анықталады

$$C_{\text{жалақы}} = n_{\text{ас}} \cdot (\Pi_{\text{кв}} + \Pi_{\text{х}}) \Pi_{\text{с}}, \quad (3.6)$$

мұндағы $n_{\text{ас}}$ – жабдықтардың жұмысының ауысым саны;

$$\Pi_{\text{кв}} = 0,47;$$

$$\Pi_{\text{х}} = 1,4;$$

$\Pi_{\text{с}}$ – жылдық жалақы қоры,

$$\Pi_{\text{с}} = 200000 \cdot 12 = 2400000 \text{ теңге/жыл.}$$

$$C_{\text{жалақы}} = 1 \cdot (0,47 + 1,4) \cdot 2400000 = 4\,488\,000 \text{ теңге/жыл.}$$

Амортизациялы шығын C_a , тг/жыл келесі формуламен анықталады

$$C_a = \frac{H \cdot K}{100}, \quad (3.7)$$

мұндағы H - амортизациялы шығын нормасы, $H=6$ пайыз;

K - капитал жалақы.

$$C_a = \frac{6 \cdot 15400542}{100} = 924032,52 \text{ теңге/жыл.}$$

Жұмыс барысында жөндеу жұмыстарына кеткен шығындар $C_{\text{жж}}$, тг/жыл келесі формула бойынша анықталады

$$C_{\text{жж}} = 0,25 \cdot C_a, \quad (3.8)$$

$$C_{\text{жж}} = 0,25 \cdot 924032,52 = 231008,13 \text{ теңге/жыл.}$$

Жалпы пайдаланушылық шығын $C_{жэ}$, тг/жыл келесі формуламен анықталады

$$C_{жэ} = 0,25 \cdot (C_a + C_{жж} + C_{жалақы}) \quad (3.9)$$

$$C_{жэ} = 0,25 \cdot (924032,52 + 231008,13 + 4488000) = 5\,643\,040,65 \text{ теңге/жыл.}$$

Жоба бойынша жылдық шығындардың мәні төменде көрсетілген кестедегі шығындар қосындысынан тұрады және ол 100 пайызды құрайды, $C = 6067200$ тг/жыл. (3.1, 3.2) формулалары бойынша есебі

$$П_1 = 0,12 \cdot 1570542 + 4488000 = 6\,372\,065,04 \text{ теңге/жыл,}$$

$$П = 4480000 - 924032,52 + 0,12 \cdot 15400542 = 1707902,44 \text{ теңге/жыл.}$$

Барлық есептердің нәтижесі 3. кесте көрсетілген.

3.1-кесте – Пайдаланушылық шығындар мен келтірілген шығындар кестесі

| Шығындар аталуы | Шығындардың жалпы қосындысы, теңге/жыл |
|------------------------------------|--|
| Материалдарға кететін шығындар | 15 700 542 |
| Электрэнергиясына кететін шығындар | 575 640 |
| Жалақы шығындары | 6 067 200 |
| Амортизацияға кеткен шығын | 924 032 |
| Жөндеу барысында кеткен шығындар | 231 008 |
| Жалпы пайдаланушылық шығындар | 5 643 040,65 |

Табыстылық коэффициенті анықталады:

$$P = \frac{(C - C_c) \cdot \sum Q_{жыл}}{K}, \quad (3.10)$$

Шығындарды өтеу мерзімі:

$$P = \frac{K}{(C - C_c) \cdot \sum Q_{жыл}}, \text{ жыл} \quad (3.11)$$

Жалпы шығын 17 589 869 тг/жыл. Кез келген процестің экономикалық шешімдері қазіргі таңда маңызды шешімдердің бірі болып табылады. Себебі кез келген ғимараттың жылыту және желдету жүйесі дұрыс әрі тиімді

жүргізілуі керек. Болашақта қайта жөндеуді талап етпеу керек, әр жүйенің өзіне тиесілі жөндеу уақыты бар. Сол бекітілген уақытқа дейін ғимарат адамдарға толық қолайлы жағдайда баспана болу қажет. Жылыту маңыздылығы, адамға жайлы жағдайды қалыптастыруды көздейді. Қыста жылыту жүйесіне қайта жөндеу мен ұйымдастыру өте күрделі. Себебі қыста тұрғын, ғимарат жылусыз қалу мүмкін емес. Сол себепті жылыту аспаптарын және тағы сол сияқты арматураларды дұрыс таңдау керек. Сапасына және бағасына мән беріп, қолайлы және қол жетімді жылыту аспаптары мен арматураларды таңдау қажет. Дипломдық жобада жүргізілген шығынды анықтау есептері бізге қол жетімді әрі сапалы жылыту аспаптары мен арматураларын таңдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар жұмысшылардың еңбегі еңбек шарттарына сәйкес бағаланады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Аталған дипломдық жобада Семей қаласының 12 қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесі жобаланған. Тұрғын үйдің бөлмелерінің ішкі ауасына және ондағы қоршау беттеріне температура беріп, оны қажетті деңгейде ұстап тұру үшін жылыту қажет, яғни қарастырылатын жүйелер оптимальды температуралық жағдай арқылы тұрғын үйдің бөлмелерінде тұрғындардың өмір тіршілігі және жұмыс атқаруы жайлы болуына жылдың салқын мерзімінде жылулық және жылдың жылы мерзімінде салқын комфорттық жағдай туғызады.

Дипломдық жобада жылыту жүйесі ретінде сулық жылыту жүйесі қабылданды. Жылу көзі ретінде жергілікті қазандық қабылданды. Жылу көзінде өнімделген жылу тасымалдағыштың параметрлері 95/75°C. Қарастырылған екі құбырлы жылыту жүйелеріне есептер өткізілді жылу келуі және жылу жоғалуы. Бөлмеге кіретін жылу бөлмеге келу жылуы деп аталады. Жылу әкелу бастапқы адамдар болып табылады, одан басқа күн радиациясы, технологиялық жабдықтар және т.б. Бөлмеге жылу бастаулардан конвекция арқылы барады. Бөлмедегі рұқсат параметрлі ауаны қалыпта ұстау – оған жетудегі бірнеше жолдары бар.

Дипломдық жобаны орындау кезінде қазіргі заманда көптеп қолданылатын заманға сай жылыту аспаптары мен жабдықтары қолданылды. Жылыту аспаптары ретінде бүгінгі таңда ең көп қолданылатын Rifar BASE 500 алюминий радиаторы алынды. Жылу тарату үшін бүгінгі заман талабына сай тігілген полиэтилен құбырлар таңдалды.

Дипломдық жобаның «Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы» бөлімінде жұмыстың ұйымдастырылуы толық ашылады. Жұмысшылардың қозғалыс графигінің күнтізбелік жоспары және жылыту жүйесінің монтаждық құрама графигі; негізгі және қосымша материалдардың ақпаратізімі; жинақтауға керекті механизмдер, бұйымдар және құралдар; техника-экономикалық көрсеткіштер; түсіндіргіш хатқа техника қауіпсіздігі туралы үкімдер кіргізу. Жобамның экономика бөлімінде жылыту жүйесіндегі капиталды төлем ақының жалпы қосындысын, амортизациянды шығынды, энергоресурстардың құнын, материалдардың құнын анықтадым.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 ҚР ЕЖ 2.04-01-2017 Құрылыс климатологиясы. Астана: ҚР ИЖДМ Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті, 2018. – 10 б.
- 2 ҚР ЕЖ 2.04-107-2013 Құрылыстық жылутехникасы. Астана: ҚР ИЖСМ Құрылыс істері комитеті, 2014. – 21 б.
- 3 ҚР ЕЖ 4.02.101-2012 Жылыту, желдету және ауа баптау. Астана: ҚР ИЖДМ Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті, 2014. – 93 б.
- 4 ҚР ЕЖ 3.02-101-2012 Көп пәтерлі тұрғын ғимараттар. Астана: ҚР ИЖДМ Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті, 2021. – 70 б.
- 5 Унаспеков Б.Ә. Құрылыс жылу физикасы. Оқу-әдістемелік кешені. Алматы: ҚазҰЗТУ, 2018. – 28 б.
- 6 ҚР ҚН 4.01-02-2013 Ішкі санитарлық-техникалық жүйелер. ҚР ИЖДМ Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті, 2015. – 70 б.
- 7 Басин Б.М. Организация и планирование строительно-монтажных работ. Хабаровск: ТОГУ, 2013. – 19 с.
- 8 Расчет и проектирование технологии и организации строительства: учеб. пособие / И. З. Кашкинбаев, Т. И. Кашкинбаев; М-во образования и науки РК. - Алматы : Альманах, 2019. - 149 с.
- 9 www.techsteklo.ru/cftflog/truboprovodnaya-armatura/pr-tr-arm/40s10bk-1678.html
- 10 ҚР ҚН 4.02.-17-2012. Жылулық пунктерді жобалау. Астана: ҚР ИЖСМ Құрылыс істері комитеті және ТКШ, 2013. -79б.
- 11 Технология строительных и монтажно-заготовительных процессов в курсовом и дипломном проектировании. Методическое пособие. – Алматы: КазГАСА, 2013. – 60 б.
- 12 Отопление, вентиляция и кондиционирование воздуха. Правила оформления курсовых и выпускных квалификационных работ. – М. В. Бодров, В. Ю. Кузин; Нижегород. гос. архитектур. - строит. ун-т. – Н. Новгород: ННГАСУ, 2020. – 146 с.
- 13 Дәуренбекова Ә.Н. Шығындарды басқару. Оқу құралы. Алматы: Экономика, 2013– 158 б.
- 14 Теплогазоснабжение, отопление и вентиляция : учеб./А. Б. Невзорова ; М-во образования Респ. Беларусь, Белорус. гос. ун-т трансп. – Гомель : БелГУТ, 2014. – 279 с.
- 15 Выбор систем водяного отопления дома.Справочник/Сост. В.И. Рыженко. – М.:Оникс., 2015 – 32 с.
- 16 <https://almaty.satu.kz/p1963502-radiator-otopleniya-bimetallicheski>

17 Қасенов Қ.М., Бектұрғанова Г.С., Қалдыбаева С.Т. Дипломдық жобаның «Қауіпсіздік және еңбек қорғау» бөлімін орындауға барлық мамандық студенттеріне арналған әдістемелік нұсқау. Алматы: ҚазҰТУ, 2014. – 138 б.

18 Проектирование систем отопления и вентиляции зданий: учебное пособие / Сост.: А.А. Балашов, Н.Ю. Полунина, В.А. Ивановский, Д.С. Кацуба. – Тамбов: ФГБОУ ВПО «ТГТУ», 2014. – 132 с.

19 Отопление и вентиляция жилого здания: учеб. пособие / В. Ф. Васильев, Ю. В. Иванова, И. И. Суханова; СПбГАСУ. – СПб. , 2013. – 72 с.

20 Проектирование систем вентиляции и отопления: учебное пособие / Шумилов Р.Н. , Толстова Ю.И., Бояршинова А.Н., ННГАСУ, 2020. – 152 с.

А Қосымшасы

А.1- кесте-Ғимараттың сыртқы қоршауларынан жылу жоғалуы

| № лердің нөмері | Бөлмелердің атауы | Сыртқы қоршаулар | Бағыты | Сыртқы қоршау өлшемдері | | | жылудегізгіштік коэффициенті | Температура | | | Түзету коэффициенті, n | Негізгі жылу жоғалу, Q _{нег} , Вт | Қосымша коэффициенттер | | | | Толық жылу жоғалу, Q _{тол} , Вт | Инфильте. терезелер/балкондар арқылы, Вт: | Жылу беті, м2 | Жылыту аспап саны |
|-----------------|-------------------|------------------|--------|-------------------------|------|-------|------------------------------|----------------|------------------|------|------------------------|--|------------------------|--------------------|------------|--------|--|---|---------------|-------------------|
| | | | | a, м | h, м | A, м2 | | t _i | t ₀ ' | Δt | | | бағытқа | 2-і сыртқы қабырға | жылдамдығы | 1 + Σβ | | | | |
| 100 | Дүкен | Сқ | Б | 61 | 4,8 | 292,8 | 0,31 | 20 | -35,7 | 55,7 | 1 | 5088 | 0,05 | 0,05 | 0,1 | 1,2 | 5852 | 38065 | 73 | 400 |
| | | Сқ | Ш | 61 | 4,8 | 292,8 | 0,31 | 20 | -35,7 | 55,7 | 1 | 5088 | 0,05 | 0,05 | 0,1 | 1,2 | 5852 | | | |
| | | Сқ | О | 19,3 | 4,8 | 92,4 | 0,31 | 20 | -35,7 | 55,7 | 1 | 1606 | 0 | 0,05 | 0,1 | 1,1 | 1766 | | | |
| | | Сқ | С | 19,3 | 4,8 | 92,4 | 0,31 | 20 | -35,7 | 55,7 | 1 | 1606 | 0,05 | 0,05 | 0,1 | 1,2 | 1847 | | | |
| | | Тер | Б | 1,8 | 3,2 | 5,8 | 1,92 | 20 | -35,7 | 55,7 | 1 | 616 | 0,05 | 0,05 | 0,1 | 1,2 | 4250 | | | |
| | | Есік | Б | 1,7 | 2,0 | 3,4 | 1,92 | 20 | -35,7 | 55,7 | 1 | 364 | 0,05 | 0,05 | 0,1 | 1,2 | 836 | | | |
| | | ЕД | | | | 923,8 | 0,24 | 20 | -35,7 | 55,7 | 1 | 12349 | 0,05 | 0,05 | 0,1 | 1,2 | 14202 | | | |
| 34605 | | | | | | | | | | | | | | | | 38065 | 73 | 400 | | |
| 200 | Жаттығу залы | Сқ | Б | 61 | 4,8 | 292,8 | 0,31 | 20 | -35,7 | 55,7 | 1 | 5088 | 0,05 | 0,05 | 0,1 | 1,2 | 5852 | 22443 | 43 | 235 |
| | | Сқ | Ш | 61 | 4,8 | 292,8 | 0,31 | 20 | -35,7 | 55,7 | 1 | 5088 | 0,05 | 0,05 | 0,1 | 1,2 | 5852 | | | |
| | | Сқ | О | 19,3 | 4,8 | 92,4 | 0,31 | 20 | -35,7 | 55,7 | 1 | 1606 | 0 | 0,05 | 0,1 | 1,1 | 1766 | | | |
| | | Сқ | С | 19,3 | 4,8 | 92,4 | 0,31 | 20 | -35,7 | 55,7 | 1 | 1606 | 0,05 | 0,05 | 0,1 | 1,2 | 1847 | | | |
| | | Тер | Б | 1,8 | 3,2 | 5,8 | 1,92 | 20 | -35,7 | 55,7 | 1 | 616 | 0,05 | 0,05 | 0,1 | 1,2 | 4250 | | | |
| | | Есік | Б | 1,7 | 2,0 | 3,4 | 1,92 | 20 | -35,7 | 55,7 | 1 | 364 | 0,05 | 0,05 | 0,1 | 1,2 | 836 | | | |
| | | 20403 | | | | | | | | | | | | | | | | | | |

А Қосымшасының жалғасы

А.1- кестенің жалғасы

| № лердің нөмері | Бөлмелердің атауы | Сыртқы қоршаулар | Бағыты | Сыртқы қоршау өлшемдері | | | жылудегізіліктік коэффициенті | Температура | | | Түзету коэффициенті, n | Негізгі жылуды жоғалту, Q _{нег} , Вт | Қосымша коэффициенттер | | | | Толық жылуды жоғалту, Q _{тол} , Вт | Инфильте. терезелер/балкондар арқылы, Вт: | Жылуды беті, м2 | Жылдыту аспап саны |
|-----------------|-------------------|------------------|--------|-------------------------|------|-------|-------------------------------|----------------|------------------|------|------------------------|---|------------------------|--------------------|------------|--------|---|---|-----------------|--------------------|
| | | | | a, м | h, м | A, м2 | | t _i | t ₀ ' | Δt | | | бағытқа | 2-і сыртқы қабырға | жылдамдығы | 1 + Σβ | | | | |
| 300 | Жатығу залы | Сқ | Б | 61 | 4,8 | 292,8 | 0,31 | 20 | -35,7 | 55,7 | 1 | 5088 | 0,05 | 0,05 | 0,1 | 1,2 | 5852 | | | |
| | | Сқ | Ш | 61 | 4,8 | 292,8 | 0,31 | 20 | -35,7 | 55,7 | 1 | 5088 | 0,05 | 0,05 | 0,1 | 1,2 | 5852 | | | |
| | | Сқ | О | 19,3 | 4,8 | 92,4 | 0,31 | 20 | -35,7 | 55,7 | 1 | 1606 | 0 | 0,05 | 0,1 | 1,1 | 1766 | | | |
| | | Сқ | С | 19,3 | 4,8 | 92,4 | 0,31 | 20 | -35,7 | 55,7 | 1 | 1606 | 0,05 | 0,05 | 0,1 | 1,2 | 1847 | | | |
| | | Тер | Б | 1,8 | 3,2 | 5,8 | 1,92 | 20 | -35,7 | 55,7 | 1 | 616 | 0,05 | 0,05 | 0,1 | 1,2 | 4250 | | | |
| | | Есік | Б | 1,7 | 2,0 | 3,4 | 1,92 | 20 | -35,7 | 55,7 | 1 | 364 | 0,05 | 0,05 | 0,1 | 1,2 | 836 | | | |
| 20403 | | | | | | | | | | | | | | | | 22443 | 43 | 235 | | |
| 401 | Қонақ | Сқ | Б | 7,7 | 3,0 | 23,1 | 0,31 | 22 | -35,7 | 57,7 | 1 | 416 | 0,05 | 0,05 | 0,1 | 1,2 | 478 | 1811,7 | 3 | 14 |
| | | Сқ | С | 8,48 | 3,0 | 25,4 | 0,31 | 22 | -35,7 | 57,7 | 1 | 458 | 0,1 | 0,05 | 0,1 | 1,2 | 550 | | | |
| | | Тер | Б | 1,8 | 2,7 | 4,9 | 1,92 | 22 | -35,7 | 57,7 | 1 | 538 | 0,05 | 0,05 | 0,1 | 1,2 | 619 | | | |
| | | | | | | | | | | | | | | | | 1647 | | | | |
| 402 | Ас | Сқ | Б | 9 | 3,0 | 27,0 | 0,31 | 18 | -35,7 | 53,7 | 1 | 452 | 0,05 | | 0,1 | 1,1 | 498 | | | |
| | | Тер | Б | 1,2 | 2,7 | 3,2 | 1,92 | 18 | -35,7 | 53,7 | 1 | 334 | 0,05 | | 0,1 | 1,1 | 367 | | | |
| 865 | | | | | | | | | | | | | | | | 952 | 2 | 10 | | |

А Қосымшасының жалғасы

А.1- кестенің жалғасы

| № лердің нөмері | Бөлмелердің атауы | Сыртқы қоршаулар | Бағыты | Сыртқы қоршау өлшемдері | | | жылуды өткізгіштік коэффициенті | Температура | | | Түзету коэффициенті, n | Негізгі жылуды жоғалту, Q _{нег} , Вт | Қосымша коэффициенттер | | | | Толық жылуды жоғалту, Q _{тол} , Вт | Инфильте. терезелер/балкондар арқылы, Вт: | Жылуды беті, м ² | Жылуды аспап саны |
|-----------------|-------------------|------------------|--------|-------------------------|------|-------------------|---------------------------------|----------------|------------------|------|------------------------|---|------------------------|--------------------|------------|--------|---|---|-----------------------------|-------------------|
| | | | | a, м | h, м | A, м ² | | t _i | t ₀ ' | Δt | | | бағытқа | 2-і сыртқы қабырға | жылдамдығы | 1 + Σβ | | | | |
| 403 | Дәліз | Сқ | Б | 6 | 3,0 | 18,0 | 0,31 | 18 | -35,7 | 53,7 | 1 | 302 | 0,05 | | 0,1 | 1,1 | 332 | | | |
| | | Тер | Б | 1,2 | 1,5 | 1,8 | 1,92 | 18 | -35,7 | 53,7 | 1 | 186 | 0,05 | | 0,1 | 1,1 | 408 | | | |
| | | | | | | | | | | | | | | | | 740 | 814 | 2 | 8 | |
| 404 | Ас | Сқ | Б | 9 | 3,0 | 27,0 | 0,31 | 18 | -35,7 | 53,7 | 1 | 452 | 0,05 | | 0,1 | 1,1 | 498 | | | |
| | | Тер | Б | 1,2 | 2,7 | 3,2 | 1,92 | 18 | -35,7 | 53,7 | 1 | 334 | 0,05 | | 0,1 | 1,1 | 367 | | | |
| | | | | | | | | | | | | | | | | 865 | 952 | 2 | 10 | |
| 405 | Қонақ | Сқ | Б | 7,7 | 3,0 | 23,1 | 0,31 | 22 | -35,7 | 57,7 | 1 | 416 | 0,05 | | 0,1 | 1,1 | 457 | | | |
| | | Сқ | Б | 8,48 | 3,0 | 25,4 | 0,31 | 22 | -35,7 | 57,7 | 1 | 458 | 0,05 | | 0,1 | 1,1 | 504 | | | |
| | | Тер | Б | 1,8 | 2,7 | 4,9 | 1,92 | 22 | -35,7 | 57,7 | 1 | 538 | 0,05 | | 0,1 | 1,1 | 592 | | | |
| | | | | | | | | | | | | | | | | 1553 | 1709 | 3,6 | 18 | |
| 406 | Қонақ | Сқ | Б | 7,7 | 3,6 | 27,7 | 0,31 | 22 | -35,7 | 57,7 | 1 | 499 | 0,05 | | 0,1 | 1,1 | 549 | | | |
| | | Сқ | Б | 8,48 | 1,0 | 8,5 | 0,31 | 22 | -35,7 | 57,7 | 1 | 153 | 0,05 | | 0,1 | 1,1 | 168 | | | |
| | | Тер | Б | 1,8 | 3,2 | 5,8 | 1,92 | 22 | -35,7 | 57,7 | 1 | 638 | 0,05 | | 0,1 | 1,1 | 702 | | | |
| | | | | | | | | | | | | | | | | 1419 | 1561 | 3 | 16 | |

А Қосымшасының жалғасы

А.1- кестенің жалғасы

| № лердің нөмері | Бөлмелердің атауы | Сыртқы қоршаулар | Бағыты | Сыртқы қоршау өлшемдері | | | жылуды өткізгіштік коэффициенті | Температура | | | Түзету коэффициенті, n | Негізгі жылуды жоғалу, Q _{нег} , Вт | Қосымша коэффициенттер | | | | Толық жылуды жоғалу, Q _{тол} , Вт | Инфильте. терезелер/балкондар арқылы, Вт: | Жылуды беті, м2 | Жылуды аспап саны |
|-----------------|-------------------|------------------|--------|-------------------------|------|-------|---------------------------------|----------------|------------------|------|------------------------|--|------------------------|--------------------|------------|--------|--|---|-----------------|-------------------|
| | | | | a, м | h, м | A, м2 | | t _i | t ₀ ' | Δt | | | бағытқа | 2-і сыртқы қабырға | жылдамдығы | 1 + Σβ | | | | |
| 407 | Ac | Сқ | Б | 9 | 3,0 | 27,0 | 0,31 | 18 | -35,7 | 53,7 | 1 | 452 | 0,05 | | 0,1 | 1,1 | 498 | | | |
| | | Тер | Б | 1,2 | 2,7 | 3,2 | 1,92 | 18 | -35,7 | 53,7 | 1 | 334 | 0,05 | | 0,1 | 1,1 | 367 | | | |
| 0 | | | | | | | | | | | | | | | | 865 | 952 | 2 | 9 | |
| 408 | Дәліз | Сқ | Б | 6 | 3,0 | 18,0 | 0,31 | 18 | -35,7 | 53,7 | 1 | 302 | 0,05 | | 0,1 | 1,1 | 332 | | | |
| | | Тер | Б | 1,2 | 1,5 | 1,8 | 1,92 | 18 | -35,7 | 53,7 | 1 | 186 | 0,05 | | 0,1 | 1,1 | 408 | | | |
| 740 | | | | | | | | | | | | | | | | 814 | 2 | 9 | | |
| 409 | Ac | Сқ | Б | 9 | 3,0 | 27,0 | 0,31 | 18 | -35,7 | 53,7 | 1 | 452 | 0,05 | | 0,1 | 1,1 | 498 | | | |
| | | Тер | Б | 1,2 | 2,7 | 3,2 | 1,92 | 18 | -35,7 | 53,7 | 1 | 334 | 0,05 | | 0,1 | 1,1 | 367 | | | |
| 865 | | | | | | | | | | | | | | | | 952 | 2 | 10 | | |
| 410 | Конак | Сқ | Б | 7,7 | 3,0 | 23,1 | 0,31 | 22 | -35,7 | 57,7 | 1 | 416 | 0,05 | 0,05 | 0,1 | 1,2 | 478 | | | |
| | | Сқ | О | 8,48 | 3,0 | 25,4 | 0,31 | 22 | -35,7 | 57,7 | 1 | 458 | | 0,05 | 0,1 | 1,1 | 504 | | | |
| | | Тер | О | 1,8 | 2,7 | 4,9 | 1,92 | 22 | -35,7 | 57,7 | 1 | 538 | | 0,05 | 0,1 | 1,1 | 592 | | | |
| 1574 | | | | | | | | | | | | | | | | 1732 | 3 | 17 | | |
| 412 | Жатын | Сқ | Ш | 3,6 | 2,7 | 9,7 | 0,31 | 22 | -35,7 | 57,7 | 1 | 175 | 0,1 | 0,05 | 0,1 | 1,2 | 210 | | | |
| | | Сқ | О | 6,8 | 3,0 | 20,4 | 0,31 | 22 | -35,7 | 57,7 | 1 | 367 | | 0,05 | 0,1 | 1,1 | 404 | | | |

А Қосымшасының жалғасы

А.1- кестенің жалғасы

| № лердің нөмері | Бөлмелердің атауы | Сыртқы қоршаулар | Бағыты | Сыртқы қоршау өлшемдері | | | жылуды өткізгіштік коэффициенті | Температура | | | Түзету коэффициенті, n | Негізгі жылуды жоғалу, Q _{нег} , Вт | Қосымша коэффициенттер | | | | Толық жылуды жоғалу, Q _{тол} , Вт | Инфильте. терезелер/балкондар арқылы, Вт: | Жылуды беті, м2 | Жылуды аспап саны |
|-----------------|-------------------|------------------|--------|-------------------------|------|-------|---------------------------------|----------------|------------------|------|------------------------|--|------------------------|--------------------|------------|--------|--|---|-----------------|-------------------|
| | | | | a, м | h, м | A, м2 | | t _i | t ₀ ' | Δt | | | бағытқа | 2-і сыртқы қабырға | жылдамдығы | 1 + Σβ | | | | |
| | | Тер | Ш | 1,2 | 2,7 | 3,2 | 1,92 | 22 | -35,7 | 57,7 | 1 | 359 | 0,1 | 0,05 | 0,1 | 1,2 | 431 | | | |
| | | | | | | | | | | | | 0 | | | | 1045 | 1149 | 2 | 11 | |
| 413 | Қонақ | Тер | Ш | 1,2 | 2,7 | 1,2 | 1,92 | 20 | -35,7 | 55,7 | 1 | 128 | 0,1 | | 0,1 | 1,2 | 148 | | | |
| | | Сқ | Ш | 3,6 | 3,0 | 10,8 | 0,31 | 22 | -35,7 | 57,7 | 1 | 194 | 0,1 | | 0,1 | 1,2 | 224 | | | |
| | | | | | | | | | | | | | | | | 371 | 408 | 1 | 4 | |
| 414 | Ас | Сқ | Ш | 9 | 3,0 | 27,0 | 0,31 | 18 | -35,7 | 53,7 | 1 | 452 | 0,1 | | 0,1 | 1,2 | 520 | | | |
| | | Тер | Ш | 1,2 | 2,7 | 3,2 | 1,92 | 18 | -35,7 | 53,7 | 1 | 334 | 0,1 | | 0,1 | 1,2 | 384 | | | |
| | | | | | | | | | | | | | | | | 904 | 995 | 2 | 10 | |
| 415 | Қонақ | Сқ | Ш | 7,7 | 3,6 | 27,7 | 0,31 | 22 | -35,7 | 57,7 | 1 | 499 | 0,1 | | 0,1 | 1,2 | 574 | | | |
| | | Сқ | Ш | 8,48 | 1,0 | 8,5 | 0,31 | 22 | -35,7 | 57,7 | 1 | 153 | 0,1 | | 0,1 | 1,2 | 176 | | | |
| | | Тер | Ш | 1,8 | 2,7 | 4,9 | 1,92 | 22 | -35,7 | 57,7 | 1 | 538 | 0,1 | | 0,1 | 1,2 | 619 | | | |
| | | | | | | | | | | | | | | | | 1369 | 1505 | 3 | 15 | |
| 416 | Ас | Сқ | Ш | 9 | 3,0 | 27,0 | 0,31 | 18 | -35,7 | 53,7 | 1 | 452 | 0,1 | | 0,1 | 1,2 | 520 | | | |
| | | Тер | Ш | 1,2 | 2,7 | 3,2 | 1,92 | 18 | -35,7 | 53,7 | 1 | 334 | 0,1 | | 0,1 | 1,2 | 384 | | | |

А Қосымшасының жалғасы

А.1- кестенің жалғасы

